«№ 3Хромтау орта мектебі» КММ Қамқоршылық кеңесінің отырысы

ХАТТАМА № 1

Өтетін күні: 10 қаңтар , 2023 жыл
Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, ата-ана, кеңес мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну -Кеукенова Г.Н
2. Жекеленген санаттағы балалармен жүргізілген жұмыс - әлеуметтік педагог- Исмагулова Ж.С
3.Құқықбұзушылықтың алдын алу барысындағы жүргізілген жұмыстар есебі
ДТІЖО Кулумгарина Р.Ж

1.Тыңдалды: Кеңес төрайымы – Гулмира Нағашыбаевна «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хатында Қамқоршылық кеңес және оның қызметін ұйымдастыру Қамқоршылық кеңестің мақсаттары нақты айтылған. Білім беру ұйымдарына жәрдемдесу, бекітілген жарғылық функцияларды орындау, білім беру ұйымының білім алушылары мен педагогтары үшін қажетті жағдайлар жасау, білім беру ұйымдарына қаржылық қолдау көрсету, материалдық- техникалық базаны нығайту, білім беру ұйымын одан әрі дамытуға жәрдемдесу. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет Қамқоршылық кеңестің жалпы ережелері , негізгі атқаратын қызметі , өкілеттілігі, қамқоршылық кеңестің жұмысының ұйымдастырылуы жөнінде және 2023 жылға арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Жолдыбаева Г.Ж жұмыстан өз еркімен шығуына байланысты жаңадан хатшы тағайындалды. Кеңес мүшелері жылдық жұмыс жоспармен танысып, өз ой пікірлерін айтып өтті.

2. **Тыңдалды -әлеуметтік педагог Исмагулова Ж.С**
Жекеленген санаттағы балалармен жүргізілген жұмыс туралы

Мектептің білім беру ортасы барлық білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруы тиіс, бұл ретте инклюзивті білім беруді іске асырудағы қажетті элемент білім беру сапасы болып табылады және білім алу құқығы әрбір баланың ерте жастан ересек өмірге дейінгі білім беру процесінде табысқа жетуін қамтамасыз ету ретінде қарастырылады - /ӘНХ ,2022-2023 оқу жылы./

Мектептегі көп балалы отбасы саны- 255, 30%. толық отбасы саны- 672, 91%. толық емес отбасы- 65, 8%. Бір ата-анамен тәрбиеленетін отбасы- 51, 6%. Ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушы саны- 24, 3% . Денсаулығына байланысты үйден оқитын оқушылар саны- 6 , 0,9% . Ерекше білімді қажет ететін оқушылар саны-10, 0,9% . Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрған отбасы саны - 3, 0,3%. «Жүректен жүрекке» қайырымдылық акциясы 1 «Б» сынып оқушысына қыс киім алуға ата-аналар тарапынан 36 000 /отыз алты мың/ теңгеге көмек көрсетілді. Аяз атаға хат жазып, аудандық білім бөлімінен берілетін сыйлықтар тізіміне қосылды. 4 «Б» сынып оқушысына 3 «Ә» сынып ата-аналарының атынан қыс етік алып берді.

Президент шыршасына -1 оқушы, Аудан әкімінің шыршасы 7 оқушы, Аяз атаға хат жазған 5 оқушы бағалы сыйлықтар алды. Аудандық әкімдік пен Аудандық Білім бөлімінң тарапынан 80 оқушыға жаңа жылдық сыйлық берілді.

3.Тыңдалды: ДТІЖО Кулумгарина Р. Ж

Құқықбұзушылықтың алдын алу барысындағы жүргізілген жұмыстар есебі

2022-2023 оқу жылында құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесінің құрамы 05.09.2022 ж №61/1 Н/Қ бекітіліп, жылдық жұмыс жоспары жасалып,жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілді. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жоспарға сай іс-шаралар ұйымдастырылып, мектептің инстаграмм **/hssh3m/** парақшасына жарияланып, ата-аналар мен мектеп оқушыларының назарына ұсынылды. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектептегі

спорттық, шығармашылық үйірмелерге , мектептен тыс білім беру орталығына, музыка мектебіне, Спорттық сауықтыру кешеніндегі түрлі спорттық секцияларға мектеп оқушылары қатыстырылды. Биылғы оқу жылында мектеп бойынша барлығы -553 оқушы үйірмеге қатыстырылып, үйірмеге 70% қамтылды.

Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Бала-басты байлығымыз, ал ең асылымыз оның тәрбиесі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Аталмыш шараға Хромтау ауданы прокуратурасының прокуроры Елеусізова Аққу Болатбайқызы, ардагер ұстаз Ситекенов Оңдасын, Хромтау аудандық білім бөлімінің әдіскері Смагулова А.Т қатысып, жоғары сынып оқушыларына тақырып аясында ой қозғады.

Биылғы оқу жылында есепке алынған оқушы саны -1. 2022 жылдың 10.08 бастап 9 «б» сынып оқушысы Нағашыбай Серік Айкынулы Хромтау ауданы ПБ де есепке алынды.

22 қараша күні 9-11 сынып оқушыларына **«Аңсар»** ақпараттық талдау орталығының психолог маманы А.Н. Қасеновпен кездесу өтті. Кездесудің басты мақсаты –жас ұрпақты діни экстремизмнің алдын алу барысында атқарылып жатқан жұмыстардан хабардар ету. Оқушыларға қоғамдағы теріс ағымдар және қандай жолдармен адамдардың қателесетіні жөнінде ақпарат берілді. Рахия Жарасхановна І жарты жылдық бойынша Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында атқарылған жұмыстарды айтып өтті.

Сөз алғандар: Биржанов М.К -жоғарыда ұсынылған жұмыс жоспарын қолдаймын. Білім беру ұйымын одан әрі дамытуға қолдау көрсетеміз. Аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға көмек беру.

Кеңес мүшесі: Мырзагельдин Қ.Т- Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ата-аналармен бірлескен жұмысты жандандыру.

ШЕШІМ ЕТТІ:

1.Қамқоршылық кеңестің 2023 жылға арналған жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, кеңес мүшелерінің қатысуымен орындалсын.

2.Жекеленген санаттағы балалармен жүргізілген жұмыс қанағаттанарлық деңгейде деп танылып, жұмыс жүйелі түрде жалғастырылсын.

3.Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатындағы жоспарлы жұмыстар уақытылы өткізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Кеукенова Гульмира Нагашыбаевна

Хатшы: Жубаназарова Гулдана Ермекбаевна

Қамқоршылық кеңес мүшелері: Реймов Қуандық Есболсынұлы

Ситекенов Оңдасын

Мырзагельдин Қуаныш Таңжарықұлы

Амангалиева Нургул Жолмұратқызы

Биржанов Марал Кансултанович

Курманбаев Ардақ Бақтыбаевич

Касенова Алмагуль Ербулатовна

Бримжанова Альбина